

«Балауса болашақ» балалар мен жасөспірімдер суреті онлайн-байқауының өткізу тәртібі

Жалпы ережелер

1. «Балауса болашақ» балалар мен жасөспірімдер суреті онлайн-байқауы (бұдан әрі – Байқау) «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының орталық аппараты, филиалдары мен еншілес ұйымдары қызметкерлерінің балалары мен немерелері (бұдан әрі – Қатысушы) арасында өткізіледі.

2. Байқаудың ұйымдастырушысы Әлеуметтік саясат департаменті (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) болып табылады.

Байқаудың мақсаттары

3. Өскелең ұрпақтың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

4. Болат магистральдардың пайда болу, қалыптасу және даму тарихы туралы ойды қалыптастыру, теміржолшы мамандығын қазіргі қоғамда маңызды және беделді ретінде танымал ету.

5. Балалардың шығармашылық әлеуеті мен қабілеттерін дамыту, оларды шығармашылық қызметке тарту.

Байқау пәні мен қатысушылары

6. Байқау тақырыбына келесі балалар суреттері жатады:

- 7 жастан 8 жасқа дейінгі балалар үшін – еркін тақырып;

- 9 жастан 11 жасқа дейінгі балалар үшін – «Теміржол көлігі - экологияға қамқорлық;

- 12 жастан 14 жасқа дейінгі балалар үшін – «Қазақ темір жолына 120 жыл» тақырыбы.

7. Байқауға 7 жастан 14 жасқа дейінгі балалар қатысады.

Суреттерге қойылатын талаптар

8. Байқауға А4 немесе А3 форматындағы қағазда түрлі-түсті орындалған суреттер қабылданады. Байқауға ұсынылған суреттер кез-келген бейнелеу өнері техникасында (қарындаш, фломастер, гуашь, акварель, пастель) және кез-келген материалда жасалуы мүмкін.

9. Суреттер ата-ананың немесе басқа отбасы мүшелерінің көмегінсіз жасалуы керек.

10. Суреттер balausabolashak@mail.ru ұйымдастырушының электрондық мекенжайына «Балауса болашақ» сурет Байқауы белгісімен жіберілуі керек.

11. Суреттер JPEG немесе PNG форматтарында электронды түрде қабылданады (суреттер фотоға түсірілуі немесе сканерлеуі керек, файл 5 МБ-тан аспау керек).

12. Әр сурет Байқауға қатысушы туралы ақпаратты қамтуы керек: қатысушының аты-жөні (толық); қатысушының жасы; ата-анасының аты-жөні, лауазымы және жұмыс орны (толық); телефон (үй/ұялы), тұрғылықты мекен-жайы.

13. Байқауға суретті жібере отырып, қатысушының заңды өкілдерінің бірі Байқау шарттарымен келіседі, соның ішінде:

- компанияның ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде суреттердің орналастыруына;
- электрондық және баспа БАҚ-та суреттердің ықтимал жариялануына;
- ұйымдастырушының ішкі есептерін дайындау үшін суреттердің пайдалануына;
- ұйымдастырушының имидждік мақсаттарында суреттердің одан әрі пайдалануына.

14. Ұйымдастырушы немесе оның өкілдері БАҚ үшін Байқауға қатысу туралы қатысушыдан ол үшін қандай да бір сыйақысыз сұхбат ала алады.

15. Әрбір қатысушы Байқауға екіден артық емес сурет ұсына алады. Барлық кейінгі суреттер Байқауға қатысуға жіберілмейді және қаралмайды.

16. Байқауға келесі суреттер қабылданбайды:

- компьютерде графикалық редакторларда орындалған;
- Байқау талаптарына сәйкес келмейтін;
- Байқаудың аяқталу мерзімінен кеш ұсынылған;
- Байқауға қатысушы туралы ақпарат болмаған жағдайда;
- Байқауға қатысушы туралы толық емес ақпарат берілген кезде.

Байқауды өткізу тәртібі

17. Байқау үш жас санатында өткізіледі: 7-8 жас, 9-11 жас, 12-14 жас.

18. Байқау жеңімпаздары (1, 2, 3 орын) әр жас санаты бойынша дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

19. Байқау жеңімпаздарын анықтау қазылар алқасына жүктеледі, олардың қатарына әлеуметтік саясат департаменті мен «теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің Қазақстандық салалық кәсіптік одағы» ҚБ өкілдері кіреді.

20. Қазылар алқасы Байқауға қатысушылардың ұсынылған суреттерін 5 балдық жүйе бойынша бағалау парақтарын толтыру әдісімен бағалайды.

21. Әр номинация бойынша жеңімпаз ең көп ұпай саны бойынша анықталады. Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған кезде

төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасының шешімі шағымдануға жатпайды.

22. Ұйымдастырушы қосымша номинациялар құруға не көтермелеу жүлделерін белгілеуге құқылы.

Байқау қорытындысын жариялау

23. Байқаудың қорытындысы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның ресми сайтында жарияланады.

24. Байқаудың қорытындысы шығарылғаннан кейін ұйымдастырушылар кейіннен Байқау жеңімпаздарына жүлделерді тапсыру үшін компанияның филиалдарына және оның еншілес ұйымдарына бағалы сыйлықтарды жібереді.

25. Байқау нәтижелері компанияның ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланады.
